

А.А. Алимхан*, Ж.Қ. Қайырбаева, С.Т. Касенов

*С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан
(E-mail: aigul_aset@mail.ru, saken__69@mail.ru, zhazok-29@mail.ru)*

Шығыс Қазақстан топонимдерінің лексика-семантикалық сипаты

Мақалада жалқы есімдердің мағыналары мен семантикасына қатысты ономаст ғалымдар пікірлері саралана келе, топонимдердің мағыналық-семантикалық ерекшеліктері қарастырылған. Ақиқат өмірдегі нысанға ат беру атаудың себебін, дәлелін, уәжін болжайтын үдеріс ретінде сипатталған. Шығыс Қазақстанның топонимиялық жүйесі нақты лексика-семантикалық және лингвомәдени үлгілер негізінде түзіліп, берілген аймақты мекендейтін халықтың тілі, тарихы, мәдениеті мен жерінің табиғаты жайлы құнды ақпарат көзі ретінде дәйектелген. Зерттеу нәтижелері Шығыс Қазақстан облысы топонимдерінің лексика-семантикалық классификациясы семантикалық тип пен семантикалық топтарға жіктеле отырып ұсынылып, нақты мысалдар негізінде талданған.

Кілт сөздер: жалқы есім, ономастика, экстралингвистика, топонимика, топоним, мағына, лексика-семантикалық классификация, семантикалық тип, семантикалық топ.

Кіріспе

Тілдегі сөздердің семантикалық мәселелері ежелгі философиялық ойларда көрініс тауып, оларда сөздердің мағыналарының пайда болуы және ежелгі аномалисттер, орта ғасырларда номиналистер, реалистер, концептуалистер жүргізген болмыс пен ойлаудың қатынасы туралы пікірталастары, мәнмәтін мен нақты жағдайға байланысты сөз мағынасының өзгеруі сынды мәселелер қарастырылып, күні бүгінге дейін жалғасын тауып келе жатқаны белгілі. XIX ғасырға дейін лингвистикалық тұрғыдан алғанда, этимология семантика мәселелеріне әсер етті, өйткені кейбір сөздердің қалыптасуын түсіндіре отырып, ол сөздердің мағыналарының өзгеруін түсіндірді. XIX ғасырдың екінші жартысында тек дыбысқа ғана емес, сонымен бірге тілдің «психологиялық» жағына қызығушылықтың пайда болуымен байланысты семантиканы мағынаның өзгеруі туралы ілім ретінде бөліп көрсету қажеттілігі туралы мәселе туындады. Ғасырлар бойына зерттеушілер тарапынан қарастырылып келе жатқан мағына мен семантика бағыты бүгінгі таңда да өзекті мәселелер қатарынан табылып отырғаны белгілі. Жалқы есімдердің, оның құрамдас бөлігі болып табылатын топонимдердің де лексикалық, мағыналық, мәндік мәселелері күні бүгінге дейін біржақты шешімін таппаған өзекті мәселелер қатарынан орын алып отыр.

Зерттеудің деректері мен әдістері

Топонимдер — адамзат қоғамы тарапынан қандай да бір географиялық нысанды даралау мақсатымен қойылған таңба-атаулар десек, олардың мағынасы мен семантикасы топонимика ғылымының өзекті тақырыптарының бірі ретінде ономаст ғалымдардың бірқатарының еңбектеріне арқау болған. Жалқы есімдердің мағынасы мен семантикасы жайлы жазылған еңбектердегі пікір, тұжырымдарға негіздеп, топонимдердің лексикалық, мағыналық-мәндік сипатына тоқталайық. Атау — номинациялық акт нәтижесінде нысанаға қоғам тарапынан қойылған тілдік белгі болып табылады. «Номинациялық акт болмыстағы қандай да бір құбылыстың, нысананың тілдік таңбалар арқылы белгіленуінен тұрады. Белгілеудің өзі негізгі номинациялық бірліктермен, яғни сөздермен байланысады» [1: 77]. Сол себепті, атаулар — сөздік құрамдағы сөздерден туындайтын белгі-таңба болғандықтан оларға кез келген тілдік құрылымдар сияқты мағыналық та, тұлғалық та жүйелілік тән.

Бұл тұрғыдан келгенде Э. Пулгрэмнің пікірі атаулардың сыр-сипатын таныта түседі: «Мен жалқы есімдердің сөздік мағынасынан гөрі дыбысталуының маңызды екендігіне келісе аламын. Бірақ, кейбірі өздері атайтын нысананың қасиетін ашатын кілт іспетті айқын сөздік мағынасы болғандықтан есім, атап айтқанда жалқы есім болып табылады деп пайымдау дұрыс емес. Қорыта

* Хат-хабарға арналған автор. E-mail: aigul_aset@mail.ru

келе, әрбір есімнің негізінде бүгінде қаншалықты танылмайтындай, кірігіп кеткен күйде болса да, бір кезде сөйлеген анық сөздік мағынасы болады» [2: 145].

Сөздің лексикалық мағынасы — ақиқат өмірдегі заттар мен құбылыстарға сәйкес келетін дыбыстық құрамнан түзілген сөздердің мағынасы. Дегенмен лексикалық мағына — зат, құбылыс, іс-қимылдың бүкіл қасиеттерінің жиынтығы емес, оны өзге тектес заттардан даралап тұратын тек бір негізгі сипатының көрсеткіші. Лексикалық мағына тілдің жалпы семантикалық жүйесімен байланысты, әрі грамматикалық заңдылықтарға сай құралған заттық мазмұнды қамтиды. Ал семантика — сөз бен әлем, қоғамдық ортаның өзара қарым-қатынасының табиғатынан танылатын құрылым болғандықтан таңбалар жүйесін мағынаны білдіруші құрал ретінде сипаттайды. Жалқы есімдердің мағынасы мен семантикасы жалпы есімдердің мағыналық-семантикалық сипатынан өзгеше келеді. Тіл ғылымында жалқы есімдердің мағынасына байланысты мынадай тұжырымдар бой көрсетеді: 1) атаулар, есімдер тек қана атауыштық, номинативтік мәнге ие; 2) атаулар белгілі бір ұғым-түсініктерді білдіреді; 3) онимдер семантикасы апеллятивтердің семантикасынан ерекшеленетін арнаулы өзіндік семантикаға ие. Жалқы есімдердің белгілі бір нысанаға ғана қатысты болатын мағынасы болады. Жалқы есімдер бұл тұрғыдан алғанда жалпы есімдерге қарағанда экстралингвистикалық факторларға тәуелдірек келеді. Жалқы есімдердің семантикасын айқындауда денотатқа тән сипаттарды көрсететін референттік және бір типті нысаналардың арасынан даралап тұратын сигнификаттық қасиеттерін де ескерген дұрыс.

Топонимдердің мағынасының үш түрлі бағытын көрсетуге болады: 1) жалқы есім жасауға қатысатын бастапқы лексемалық мағынасына қатысты топонимге дейінгі; 2) топонимдік (мекен-жайлық — көрсеткіштік); 3) топонимнен жаңа мағына өрбіген жағдайда топонимдік мағынаға, яғни оның нысанаға қатыстылығына міндетті посттопонимдік мағыналар [3: 57–60]. Топонимдер семантикасы олардың алғашқы төркіндік мағынасы, яғни топонимдер жасалған лексикалық элементтер мен грамматикалық тұлғалардың мағыналарымен ұштасады.

Негізгі бөлім

Лексикалық қордағы сөздерден экстралингвистикалық фактор әсерінен қалыптасқан топонимиялық атаулар нысанаға даралық сипат береді. Қоғамдық орта өздерін қоршаған ортаның түрлі бөліктеріне өздерінің танымының тұрғысынан атау беріп отырған. Бұл үдеріс — атау қоюшы қоғамның нысанаға көзқарасына, қарым-қатынасына тікелей байланысты. Номинация қағидасы нысананың қасиеттерін, сипаттарын оның басқа нысаналарға қатыстылығын, атауды беруші қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайларды, адамдардың наным-сенімі, болмысы сияқты тілдік емес факторлар әсерлерін де ескеретін универсалды категория ретінде танылады.

Демек, номинациялық актіге қатысатын: таңбаланушы, таңбалаушы, таңба — осы үш компонентке қасиеттері толығынан бағынатын бізді қоршаған дүниедегі заттар мен құбылыстарды атайтын көптеген тұрақтылығы түрлі дәрежедегі атаулар туындайды. Кез келген ат қою шығармашылығы номинацияның себебін, дәлелін, уәжін болжайды. Атаудың уәжі — бұл бақылау мен зерттеуде аттардың түрлі типтерінде түрлі дәрежеде қолайлы себеп-салдар байланыстарының кешені [1: 78].

Сонымен, топонимиялық атау дегеніміз — лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларды тұлғасына жинақтаған құрылым. Олардың семантикалық сыр-сипатын тану үшін атаудың жасалуына себеп болған апеллятивтерді қоршаған табиғи орта мен адамдардың тұрмысымен, шаруашылығымен, өндірісімен, қоғамдық өмірдің ерекшеліктерімен байланыстыра қараған дұрыс.

Топонимдердің семантикасы аталып отырған белгілі бір нысана жайында тиісті дәрежеде мағлұмат беріп қана қоймай, сол жерге, суға адамның қатыстығын да көрсетіп білдіріп отырады. Сондықтан, топонимдер семантикасының қыры мен сырының егжей-тегжейін жан-жақты, терең де мазмұнды етіп айқындап, анықтай түсуде кеңінен қолданылатын аталмыш әдістің ең басты жолы — лексика-семантикалық классификация болып табылады [4: 173–174].

Ономастикалық жұмыстарда зерттеушілердің өзіндік ұстанымы ретінде қолданған, құбылыстарды айқынырақ шектеу, жіктеу үшін енгізген белгілі классификациясыз жалқы есімдерді сипаттау немесе талдау мүмкін емес.

Жалпы тіл білімінде классификация тарихы ертеректен басталып, бүгінде түрлі қағидатқа негізделген көптеген үлгілері қолданыс тапқан. Кеңінен пайдаланылып жүрген лексика-семантикалық классификация топонимиялық зерттеулердің көпшілігінде кездеседі. Әрине, барлық

топонимистер лексика-семантикалық талдауларды қолдай бермейді. Мәселен, В.А. Никонов әрбір географиялық атаудың тілдік құралдарымен берілген тарих екендігін айта келе, «атауларды «өсімдіктерден», «жануарлардан», «топырақтан», «тарихтан» деп сорттаған сан алуан талпыныстардың өзі қате және зиянды» дейді [3: 26].

Дегенмен, А.В. Суперанская атап көрсеткендей, «әзірге топонимдік материалдардың барлығын қамти алатын және толық классификациялардың қатаң критерийлері жасалған жоқ, сол себепті кез-келген ұсынылған классификациядан елеулі жетіспеушіліктер табылады» [5: 149–160].

Сансыз топонимиялық классификациялардың сәтсіздікке ұшырауына себеп болатын ең басты қателердің бірі — семантикалық, грамматикалық және тағы басқа бағыттағы жоспарлардың араласып кететіндігі. Мұндай классификациялық үлгі бойынша бір сызбада жоспарлары ұқсамайтын бірнеше үлгілер аралас қолданылғандықтан, сәтсіздік туындайды.

Қазақстанның көптеген аймақтарын зерттеуге негіз болған топонимдердің лексикалық классификациясының алғашқы үлгісін ғалым Ә. Әбдірахмановтың «Топонимика және этимология» еңбегінен кездестіреміз.

Ономаст ғалымдардың біразы географиялық атауларды лексика-семантикалық тұрғыда топтастыруда төмендегі жіктеуді құптайды:

1. «Объектінің физика-географиялық сипатын көрсететін атаулар;

2. Адамдардың топонимдерді лексикалық тұрғыдан топқа бөле отырып, мән-мағынасын ашу, олардың адамның іс-әрекет, тұрмысы, қоғамдық өмірімен байланысын анықтап білу болып табылады», – дейді [4: 175–176].

Зерттеуші В.У. Махпиров М. Қашқаридің «Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегіндегі топонимдердің лексика-семантикалық бағыттағы негізгі үш типін көрсетеді:

1. Топоним — арнаулар (меморативтер);

2. Топоним — сипаттаулар (дескриптивтер);

3. Оказиональды топонимдер (апеллятивтерден жасалғандар) [6: 158–162]. Бұл жіктеу этимологиялық анализ негізінде жасалған.

Б. Тілеубердиев классификациясына топонимдердің қалыптасуындағы үш факторды негіз етіп алады:

1. Географиялық фактор;

2. Этнографиялық фактор;

3. Тарихи-әлеуметтік фактор [7: 10].

Жоғарыда берілген семантикалық классификациялардың төркінінде түрлі негіз жатқанын аңғаруға болады. Бұл айырманың өзі зерттеу нысанының немесе топонимдік материалдардың ерекшелігінен туындайды. Өйткені, «топонимдік материалдардың классификациясы автордың оны зерттегенге дейін қабылдағанынан емес, тікелей материалдың өзінен шыққанда ғана қанағаттанарлық дәрежеде болады» [6: 158].

Сонымен, аймақтағы топонимдердің мән-мағынасын ашып, олардың қоғамдық өмірмен қарым-қатынасын анықтау мақсатында қолданылатын лексика-семантикалық классификация «...этимологиялық талдаудың тікелей жалғасы және белгілі бір мөлшерде оның объективті дәлелі ретінде қызмет атқаруы тиіс» [6: 157–158]. Ең бастысы, ол зерттеу нысанынан жинақталған топонимдік материалдарға негізделу керек.

Шығыс Қазақстанның топонимиялық жүйесі, негізінен қазақтың байырғы төл сөздерінен қалыптасқан. Қазақ тілінің мол сөздік қорынан жасалған топонимдер мағыналық түрлері жағынан сан алуан болып келеді.

- Антропотопонимдер: Шайхымұрат, Айдар, Қожабек, Алдаберген, Кешубай, Ақыш сазы, Атабай, Боданбай, Есенгелді тоғам, Иманбай, Кәлке бастауы, Сембай, Төлембай, Өтембай, Елубай көлі т.т.

- Генотопонимдер: Қоңырбұлақ, Ұранқайбұлақ, Алшын, Кенегес, Қыпшақжайлау, Ұранқай, Уақбұлақ, Қоңыр т.т.

- Этнотопонимдер: Қалмаққора, Ноғайбұлақ, Төртқалмақ, Қалмақсай, Ноғайбай, Шүршітсу, Ноғайөлген, Қалмаққай, Ноғай, т.т.

- Фитотопонимдер: Доланалы, Қарағанды, Сексеуіл, Шілікті, Сарыөлең, Жиделі, Сарымсақты, Топқайың, Төсқайың, Белағаш, Топтерек, Қаратоғай, Аққияқ, Қаратал, Қайыңды, Өлеңсай, Алмалы т.т.

- Жан-жануарлар, құс, жәндіктерге байланысты атаулар: Бұланшат, Балықтыбұлақ, Бұлғын, Шыбынды, Бесбұғы, Кене, Аюлы, Құланды, Маралды, Басқы Торғай, Таутекелі, Жыланды, Айдахарлы, Аюкетпен, Аюқалған, Биттіқақ, Аюшат, Бақалы, Бақасу, Балық, Құсты т.т.
- Қазба байлықтарына байланысты атаулар: Алтынкөл, Теміртіқаба, Алтынқазған, Болатсу, Алтынбұлақ, Алтынсай, Темірсу т.т.
- Адамдардың тұрмыс-тіршілігіне байланысты атаулар: Ақсерке, Ақтөлқора, Бәйгежота, Ақшарбақ, Марқакөл, Қонақкөл, Ақжабағы, Қыстау, Аққора, Бәйгетас, Ақжайлау, Ақтам т.т.
- Адамдардың наным-сеніміне байланысты атаулар: Әулиешоқы, Қоңыраулие, Әулиебұлақ, Әулие, Шайтанкөпір, Мешіт, Әулиеқуыс, Әулиетал, Сопы т.т.
- Белгілі бір оқиғаға негізделген атаулар: Кемпірөлген, Сасықбұғы, Қандысу, Шірікайяқ, Аманат, Бөріккеткен, Итқырылған, Текеатқан, Тайжүзген, Тасаударған, Ақкеткен, Бозатжеген, Қазқұған т.т.
- Тұр-түске байланысты атаулар: Қызылтас, Қызылащы, Сарыөлең, Егізсары, Қызылқак, Сарытау, Ақбұлақ, Көктүбек, Көктекше, Ақсуат, Ақмектеп, Ақжар, Қарасу, Егізқара, Қызылқайың, Көкқора, Көктерек т.т.
- Санға байланысты атаулар: Мыңбұлақ, Үшбұлақ, Тоғызкөң, Төртқалмақ, Бесүй, Үштөбе, Екібұлақ, Мың биенің қазынасы, Жетіарал, Бескемпір, Бестерек, Мыңшұңқыр, Сегізкөл т.т.
- Нысананың түрлі ерекшеліктеріне, белгілеріне, қасиетіне байланысты атаулар: Кіші Жеменей, Кемерқайың, Жұпар, Құрғақсай, Кеңөткел, Жақсы Арғанаты, Салқыншоқы, Шанды, Ашалы, Желдіөзек, Терісайрық, Гүрілдемек, Тақыр, Бутөбе, Жайылма, Желді, т.т.
- Нысананың орналасқан жеріне қатысты атаулар: Ортабастау, Күнгей Бөкенбай, Аяққы Ұзынбұлақ, Теріскей Бөкенбай, Шет Қаратал, Құйған, Орта Қаратал, Жоғарғы Егінсу, Ақжалтеріскей, Ақтеріскей, Аяққы Торғайбұлақ, Ортабұлақ, Ақжалкүнгей, Ортасай т.т.
- Анатомиялық атаулардың қатысуымен жасалған топонимдер: Бармаққора, Аққолқа, Ақжалтұмсық, Аққарын, Ақмұрт, Алқым, Мұрынтолағай шаты, Ауызқарағай, Ауызталды, Мойынбұлақ, Бөтеке, Көтентас, Кіндік, Кіндікті, Құйқа, Майқабырға, Мойынсерік, Мұрттықорған, Тоқішек, Шиліқарын, Сарытұмсық, Ақкөмей, Шойтабан, Тұмсық, Бүйрек т.т.

Осы ұсынылған топонимиялық атаулардың мағыналық түрлерінің өзі шартты түрде алынып отыр. Өйткені, кейбір топонимдерді бірнеше мағыналық түрлерге жатқызуға болады. Дегенмен, топоним түрлерінің осы ерекшеліктері аймақтық топонимдердің лексика-семантикалық сипатымен астып жатады. Әлемдегі кез келген жер-су атауларының жүйесі сияқты Шығыс Қазақстанның топонимдерінің біразын макротопонимдер құраса, басым бөлігі микронысананың атауларынан түзілген. Ал микротопонимдер көбінесе, қозғалмалы, құбылмалы қасиетке ие болғандықтан, «қысқа ғұмырлы» келеді. Оларға өте нақты мазмұн тән, олар жергілікті әлеуметтік-экономикалық, тарихи және табиғи жағдайлардың көрінісін береді, егер өзгеретін болса, жаңадан пайда болған құбылысты суреттейтін басқа атауға алмасады.

Нәтижелер мен олардың талқылануы

Әр аймақтың топонимиялық жүйесі өзіндік бет-бедерімен ерекшеленгенімен, әрбір өлке басқа жүйелермен ортақ, ұқсас қасиеттермен де сипатталады. Туыстас халықтар жеріндегі атаулар да ұқсас келетіні белгілі. Сондықтан ежелден түркі халықтарының алтын бесігі ретінде танылып отырған Кеңді Алтай өңірі түркітөктес басқа халықтар мекендеген өңірлердің топонимиялық кеңістігімен ұқсас. Ал бір елдің территориясына енетін түрлі аймақтардың ортақтық қасиеті мол болуы заңды құбылыс. Сондықтан, белгілі бір аймақтың топонимдерін зерттеуде топонимдік материалдары ұқсас келетін зерттеулерде қолданылған әдіс-тәсілдерді басшылыққа алу — нәтижелі талдауға әкелетіні сөзсіз. Осыған орай, көптеген зерттеушілер тарапынан (О.Т. Молчанова, О.А. Султаньяев, К. Конкобаев, Т.Ж. Жанұзақов, Е. Керімбаев) қолдау тапқан лексика-семантикалық классификацияны [4: 175] негізге ала отырып, Шығыс Қазақстанның топонимдерін екі семантикалық типте қарастыруға болады. Зерттеу жұмысымыздағы семантикалық тип — мазмұндағы уәжді белгілерінің көрінісін беретін ортақ номинациялық қағидамен біріктірілген атаулардың топонимиялық жүйенің бірлігі ретінде қарастырылды. Әрбір семантикалық типті атаулардың белгілі семантикалық топтары қалыптастырады. Ал семантикалық топ дегеніміз — мазмұны бір семантикалық типке енетін белгілі бір жеке белгілерді танытатын топонимдер тобы. Сонымен, біздің жұмысымыздағы бірінші семантикалық тип — адамдардың іс-әрекеті, тұрмысы және қоғамдық өміріне қатысты топонимдер

болса, екінші семантикалық тип — жаратылысқа қатысты атауларды құрайды. Бірінші семантикалық типті адамдардың қоғамдық-әлеуметтік өмірі мен тұрмысына қатысты топонимдер және халықтың кәсіп-шаруашылығына қатысты атаулар деп аталатын екі семантикалық топқа жіктеу мүмкіндігі бар.

Адамдардың қоғамдық-әлеуметтік өмірі мен тұрмысына қатысты топонимдер құрамында елдің тұрмысы, наным-түсінігі, қоғамдық өмірі жайлы мәліметтерді бойына жиғандары аз емес. Аталмыш топонимдерді бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады:

а) қоғамдық-тарихи жайттарға негізделген жер-су аттары: Бесжылдық, Қандысу, Ақтың жолы, Жаңатілеу, Қытайкөксай, Жаңатұрмыс, Жаңаталап, Жаңаауыл, Қазақстан, Жасталап, Қалмақсай, Қалмаққора, Қызылжұлдыз, Ленин бөлімшесі т.т.

ә) күнделікті тұрмыстағы оқиғаларға негізделген атаулар: Тайжүрген, Қыз кеткен қия жол, Қорғанкеткен, Жібекөлген, Тақиякеткен, Шірікаяқ, Бөрікеткен, Итқырылған, Қазансынған, Қара ат сойған, Тайжүзген т.т.

б) жергілікті халықтың наным-сенімін білдіретін атаулар: Әулиебұлақ, Ырғызбайата, Әулиебастау, Мешіт, Шайтанкөпір, Әулиеқуыс, Әулиетал, Ағашбейіт, Ақыш зираты, Абыз бейіті, Ақмола, Дос бейіті, Әулиебасы, Жаңбыршы бейіті т.т.

в) әдет-ғұрып, ойын-сауықпен байланысты атаулар: Аманат, Бәйгетөбе, Қоңыр ат жолы, Бәйгетас, Бәйгежота, Апам той қылған жазығы т.т.

г) туыстық, ағайын-жекжаттық тағы да басқа қарым-қатынасты білдіретін атаулар: Қызасу, Бабатал, Байбөбек, Келіншек, Бала Қалжыр, Бескемпір, Ермола, Келінсай, Қонаккөл, Қыздар, Қызқұлай, Асаукемпір, Қызөлген, Ендіқойбәйбіше, Төретоғам т.т.

ғ) халықтың тұрмыс-тіршілігіне байланысты атаулар: Майтүбек, Ақбосаға, Көрпе, Астауша, Бесікасу, Айранбұлақ, Білезіктің бір айрық басы, Қаймақ шаты, Дорбабейіт, Керегетас т.т.

Халықтың кәсіп-шаруашылығына қатысты жер-су аттары тұрғылықты халықтың шұғылданған кәсіптері, өндірісі мен шаруашылықтарына қатысты атауларды қамтиды. Оларды кез келген өңірдің топонимиялық жүйесі құрамынан кездестіруге болады. Шығыс Қазақстанның топонимиясы құрамынан да бұл топтағы атаулардың мол қорын кездестірдік. Өйткені, ескі дәуірлерден бері аймақты мекендеген адамдар түрлі кәсіппен шұғылданып келген. Осының нәтижесінде, аймақтық топовжүйеде адамдардың кәсібі мен шаруашылығына байланысты атаулар тобы қалыптасқан. Осы топтағы атаулардың басым бөлігі қазақ халқы үшін дәстүрлі шаруашылық саласына айналған — мал шаруашылығына қатысты атаулар болып келеді. Ұзақ уақыт бойы көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысып келген елдің топонимиясынан малмен бірге көшіп-қонып жүрген адамдардың тұрақ-мекендері де орын алып отырған. Сонымен қатар, жер шаруашылығына қатысты атаулар, сирек те болса жергілікті халық айналысқан аңшылық, саятшылық сияқты кәсіптерге қатысты атаулар да ұшырасады. Зерттеліп отырған аймақтағы халықтың негізгі шаруашылықтары — мал және жер шаруашылығына қатысты атауларға арнайы тоқталып қарастыруды жөн көріп отырмыз.

Мал шаруашылығы барынша дамыған Шығыс Қазақстанның оңтүстік өңірінде үй жануарларына байланысты атаулар көптеп кездеседі. Олардың бірқатары үй хайуандары аттарының тікелей қатысуы арқылы жасалады. Мысалы: Ақжабағы, Қарабура, Ақсерке, Ақсиыр, Атанша, Қара ала айғырдың түбегі, Атсалған шаты, Ат шабар, Боталытүйетас, Бозайғыр, Бозатжеген, Жылқыбаз, Қараөгіз, Қойбас, Қойтас, Қойтұяқ, Қойтүбек, Қошқарсай, Құлажорға, Өгізқора, Қозыкөл, Өгізсыймас, Спырбай, Спырбозша, Сарыешкі, Марқакөл, Қошқарбаз т.т.

Мал шаруашылығына байланысты топонимдер қатарынан малдың жайылымына, қора-қопсысына және мал бағушы адамдардың тұрақ-мекендеріне қатысты атаулар да орын алып отырған. Мысалы: Дербен қорасы, Ешкібаз, Аққора, Жайлау, Айбаз, Адыраспанқора, Ақжайлау, Ақтам, Ақтөлқора, Ақшарбақ, Ахметбаз, Бармаққора, Бозайбаз, Жайдаққора, Жайлаубұлақ, Жаманқора, Жаңабаз, Жәкеқора, Қыр қыстақтары, Жылқыбаз, Күркелі, Қалыққора, Қамышқора, Қоңыржайлау, Қыпшақжайлау, Мәметектің жайлауы, Қыстау, Қыстаукүршім, Үңгірқора, Қадиша фермасы т.т.

Өйткені негізгі кәсібі мал бағумен айналысқан қазақ халқы үшін, жер өңдеу, егін шаруашылығы қосалқы тіршілік есебінде жұмсалған. Зерттеу нысаны ретінде алынып отырған аймақта жер шаруашылығының дамуы ХІХ ғасырда Ресейден қоныс аударушылардың келуімен байланысты болды. Бүгінде аталмыш өңірде осы кәсіп қанат жайған. Сол себепті, өңірдің топонимиясында жер өңдеу ісіне қатысты атаулар тобы қалыптасқан. Мысалы: Қызылшалы, Басқы тары, Бестоғам, Бұрма, Егінбұлақ, Дос тұйығы, Кіші Кесік, Егіндібұлақ, Кіші Қаратоғам, Қаратоғам, Қызылшалы Қаражал, Тастоған, Төретоғам, Үлкен Кесік т.т.

Сондай-ақ өлке топонимиясынан аңшылық, саятшылыққа қатысты дүниеге келген Атсалған шаты, Бесбұғы, Аюқалған, Аюкеткен, Бүркіт ұясы, Жаманқұсты, Аюқашқан сияқты атауларды, балық өндірісіне қатысты Шабакты, Балық, Балықтыбұлақ, Мальковое сынды атауларды, кен өндірісіне байланысты Алтынқазған, Көкрез, Теміртікаба, Темірсу сияқты атауларды, ұсталық, зергерлікке байланысты Теміртөс, Зергеркезенқора сынды топонимдерді де кездестіруге болады.

Шығыс Қазақстанның оңтүстік аймағындағы топонимдердің сан жағынан молы да, лексикалық құрамы жағынан да алуан салалысы қоршаған ортаның қасиетін, ерекшелігін танытатын атаулар тобын жаратылысқа қатысты атаулар құрайды. Өйткені, адам көңілін аударарлық әрбір мекеннің өзіне тән атауы болады. Бұл атауларды қою барысында адам жаратылыстағы әрбір нысанның өзіндік ерекшелігін ескеріп, жалпы атауларынан дараландырып, жекелендіретін жалқы есім береді. Ал, бүкіл өмірі табиғат аясында өткен, жаратылыстың барлық қасиетін танып, өз қажетіне жарата білген, жер қадірін жете бағалаған қазақ халқының қоршаған ортаның нысандарына қойған аттары да ерекше. Қазақ жерінің халықтық атауларын зерделей қарастыру арқылы мекеннің бүкіл айшықты ерекшеліктерінен мағлұмат алуға болады. Топонимиялық атаулардан өлкедегі алуан түрлі өсімдіктер әлемі, жан-жануарлар, балық, құс, жәндіктердің атаулары да орын алған. Өңірдің жер бедері, әсем табиғаты, суының дәмі, объектінің алыс-жақындығы, шаруашылыққа қолайлы—қолайсыздығы да жер-су атауларынан көрініс береді. Қазақ халқының жан дүниесі табиғатпен астасып жатқандықтан, халықтың ата жұртына берген атаулары құнды өнер туындысы іспетті.

Жаратылысқа қатысты атаулардың өзін геофизикалық топонимдер, өсімдіктерге қатысты топонимдер, хайуанаттарға қатысты топонимдерден тұратын семантикалық топтарға ажырайды.

Шығыс Қазақстан аймағының топонимиялық жүйесінен нысананың физика-географиялық сипатын беретін атаулар ауқымды орын алады. Бұл атаулар нысанның өзіндік ерекшелігін сипаттап, қасиетін танытады. Осы топқа енетін атаулар мекеннің жер бедерін, ондағы табиғат құбылыстарын, қазба байлықтарын т.т. суреттеп, атау тағылған мекен туралы қандайда бір дерек ұшқынын ұсынады. Нысананың сипатына, қасиетіне, орналасуына қатысты қойылған топонимдердің басым бөлігі жергілікті географиялық терминдер арқылы жасалады. Географиялық терминдердің топонимдерге айналуы және оның құрамында кездесуі жалпы жер-су атаулар жүйесі үшін заңды құбылыс. Мысалы: Тоқжайлау, Сарытау, Арасан, Сарытүбек, Айнабұлақ, Ақдала, Қасқажол, Тақыркөл, Ақбастау, Бозайғырқұм, Қарасенгір, Қызылқырқа, Үлкенсаз, Қайрақты, Өртенбұлақ, Ақтасты, Қайнар, Ақжар, Ақшоқы, Қызылсай, Жалғызтөбе, Қайыңсай, Қонақкөл, Ұлтуған жазығы, Ұзынжота, Орсай т.т.

Атаулар арасында мекеннің атауына табиғаттың сан алуан құбылыстары мен климаттық ерекшеліктері де орын алып, топонимдердің қалыптасуына әсерін тигізгені байқалады. Мысалы: Салқыншоқы, Көкамал, Мұзтау, Берікқар, Үлкен Қыраулы, Желді, Кіші Қыраулы, Өкпекті, Мұзбел, Қоңыр, Желши, Желтікен т.т.

Жел, дауыл, циклондар атаулары — анемонимдер де өлкедегі топонимдер құрамынан ұшырап отырады. Мысалы, Күршім ауданына қарасты Боран деп аталатын ауыл бар. Атау қыс мезгілінде мекенде жиі соғатын желге қатысты пайда болған. Ал Зайсан ауданындағы Күзуін деп аталатын жер ерте күзден бастап ызғырықты жел соғып тұратындығына орай күзуін желінің атымен аталған. Осыған ұқсас атаулар мал шаруашылығымен айналысқан жергілікті адамдардың тұрмысы, кәсібімен тығыз байланысты жайттарды көрсетеді. Әсіресе, ауа райының ыстық-суықтығы, жайлы-жайсыздығы, малға қолайлы—қолайсыздығы арқылы бағаланып, атауларға айналып отырған. Мәселен, Жаксы Арғанаты, Жаман Арғанаты сияқты атаулар осы тұрғыдан қойылған.

Зерттеу аймағында кездесетін қазба байлықтарының аттары топонимия құрамынан орын алған. Шығыс Қазақстан өңірінің топонимиялық жүйесінде бұл саладағы атаулар сирек кездеседі. Теміртікаба, Темірсу, Болатсу, Алтынқазған, Алтынсай, Алтынкөл, Темірқабата, Алтынбұлақ сияқты біраз атауларды ғана мысалға келтіре аламыз. Осы ерекшеліктің өзі зерттеу нысаны ретінде алынған өлкенің табиғи ерекшелігімен ұштасады.

Өсімдіктерге байланысты топонимдер. «Табиғат — халық қазынасы» десек, сол табиғаттың ауқымды құрамы болып табылатын өсімдіктер әлемі адамзат өмірімен біте қайнап, ажырамас бөлшегіне айналған. Ендеше, жасыл әлемнің атаулар құрамынан табылуы да заңды құбылыс.

Өсімдік атауларының көптеген жергілікті географиялық нысандар атауларына негіз болуына олардың ақпараттық құндылығы себеп болған. Шығыс Қазақстан өлкесінде өсетін орманды-дала табиғи аймағына тән өсімдіктер бірлестігі өлкенің атаулар дүниесіне өз көрінісін берген. Өсімдік атаулары аймақтағы топонимдер құрамында өнімді қолданылған және олар мекеннің флорасының өзіндік ерекшелігін сипаттайды. Аймақта өсетін қайың, қарағай, тал, терек, қараған, қамыс, жусан,

арша, үшқат, ши, бетеге, мойыл, сексеуіл, алма, тораңғы, сарымсақ, долана, итмұрын, қарақат, шілік, жиде, қараағаш, үйеңкі, өлең т.т. көптеген өсімдік атаулары фитотопонимдер құрамынан табылады. Өсімдіктер түрлерінің топонимиядан орын алуына аймақта өсетін өсімдіктердің ішінде жиі кездесетіндігі нысананың өзінің ерекшелік қасиетімен дараланып тұрғандығы адамдар өміріне қажеттілігі әсер еткен.

Зоотопонимдерді қарастыру арқылы аймақтың хайуанаттар дүниесінен де хабардар болып, мәліметтер алуға болады. Мәселен зерттеу нысанының Алтай таулары орналасқан өңірінде маралға, таутекеге қатысты топонимдер кездесіп отырады. Өйткені Алтайдағы ең сұлу, әрі ірі аң маралмен жазда тау құздарында, күзде тауға қар жауа бастағанда төмендеп түсіп, аршалы, бұталы өңірді мекендейтін таутеке сияқты табиғат еркелерінің мекендейтін жерлері жергілікті тұрғындардың назарынан тыс қалмай, топонимдік атауларға айналып отырған. Ал аймақтың Тарбағатай таулары мен жазықтарында суырға қатысты топонимдер тараған. Суырлы, Суырту, моңғол тілінде суырлы тау мәніндегі Тарбағатай атауларынан далалық шөптермен қоректенетін, терісімен майы пайдалы кемірушілердің осы аймақты ежелден мекендеп келе жатқанын аңғаруға болады. Зайсан ауданының территориясында «Тышқанбай» деп аталатын жазық бар. Осы атаудың қолданысқа келуіне мынадай оқиға негіз болған. Егістікті суару мақсатында осы жазық арқылы су жіберу жоспарланған екен. Арық қазылып бітіп, су жіберілгенде тышқан індерінің көптігінен су егістікке жетпей жер астына кетіп қалып отырған себепті, су осы шағын жазықтықтан су құбырымен өткізіліпті. Осы ауданда «Айдаһарлы» деген топоним кездеседі. Бұл атауға мекенде жыландар ордасының орналасқандығы арқау болған.

Арқыраған өзендерді, шалқыған көлдерді, асқар тауларды, сағым ойнаған шөлейтті, жеміс-жидекке малынған, жасыл желегі жайқалған, алуан түрлі хайуанаттар әлемімен ерекшеленетін Шығыс Қазақстан аймағының атаулары да өз бойларына өңірдің осы ерекшелігін дарытқан.

Қорытынды

Сонымен, топонимдердің мағынасының үш түрлі бағытын көрсетуге болады: жалқы есім жасауға қатысатын бастапқы лексикалық мағынасы; таза атауыштық немесе топонимдік (мекенжайлық-көрсеткіштік) және топонимнен жаңа мағына туындайтын посттопонимдік мағыналар. Ал топонимдер семантикасы олардың алғашқы этимологиялық мағынасы, яғни топонимдер жасалған лексикалық элементтер мен грамматикалық тұлғалардың мағыналары арқылы ашылады. Бұл ретте макротопонимдердің көнелігіне байланысты ішкі мәнін ашу барынша қиын болса, микротопонимдер семантикасы олардың сөздік мағынасынан алшақтап кетпейтінін байқауға болады.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырған гранттық жоба (ЖТН — АР08957132) аясында жарияланған.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Уюкбаева Г.И. О номинации лексических единиц / Г.И. Уюкбаева, Л.В. Ерохина // Проблемы ономастики и семасиологии: сб. науч. тр. — Алма-Ата: Изд-во Казах. гос. ун-та, 1988.
- 2 Молчанова О.Т. Лексико-семантическая структура тюркского топонимикона Горного Алтая / О.Т. Молчанова // Тюркская ономастика. — Алма-Ата: Наука, 1984.
- 3 Никонов В.А. Введение в топонимику / В.А. Никонов. — М.: Наука, 1965. — 177 с.
- 4 Орталық Қазақстанның жер-су аттары. — Алматы: Ғылым, 1989. — 256 б.
- 5 Суперанская А.В. Общая теория имени собственного / А.В. Суперанская. — М.: Наука, 1973. — 366 с.
- 6 Махпиров В.У. «Дивану лугат-ит-тюрк» Махмуда Кашгарского и вопросы тюркской топонимики / В.У. Махпиров // Тюркская ономастика. — Алма-Ата: Наука, 1984. — 248 с.
- 7 Тілеубердиев Б.М. Оңтүстік Қазақстан топонимдерінің этнолингвистикалық сипаттары: филол. ғыл. канд. ... дисс. автореф.: 10.02.02 — Қазақ тілі / Б.М. Тілеубердиев. — Алматы, 1995. — 25 б.

А.А. Алимхан, Ж.К. Кайырбаева, С.Т. Касенов

Лексико-семантическая характеристика топонимов Восточного Казахстана

В статье изучены лексико-семантические особенности топонимов, рассмотрены взгляды ученых-ономастов относительно значений и семантики имен. Номинация объектов реальной действительности описана как процесс, предполагающий причину, аргумент, мотив наименования. Топонимическая система Восточного Казахстана, организованная по определенной лексико-семантической и лингвокультурологической модели, является источником уникальных сведений о природе, языке, истории и культуре проживающих народов в данном регионе. В результатах исследования лексико-семантическая классификация топонимов Восточно-Казахстанской области представлена с систематизацией по семантическому типу и группам и проанализирована на основе конкретных примеров.

Ключевые слова: имя собственное, ономастика, экстралингвистика, топонимика, топоним, значение, лексико-семантическая классификация, семантический тип, семантическая группа.

A.A. Alimkhan, Zh.K. Kairbaeva, S.T. Kassenov

Lexico-semantic characteristics of the toponyms of East Kazakhstan

The article studies the lexical and semantic features of toponyms, examines the views of onomasts regarding the meanings and semantics of names. The nomination of objects of reality is described as a process that presupposes a reason, argument, motive for naming. The toponymic system of East Kazakhstan, organized according to a certain lexico-semantic and linguoculturological model, is a source of unique information about the nature, language, history and culture of the people living in this region. As a result of the research, the lexical-semantic classification of toponyms of the East Kazakhstan region is presented with systematization by semantic type and groups, and analyzed on the basis of specific examples.

Keywords: proper name, onomastics, extralinguistics, toponymy, toponym, meaning, lexico-semantic classification, semantic type, semantic group.

References

- 1 Ujukbayeva, G.I., & Yerokhina, L.V. (1988). O nominatsii leksicheskikh edinit [About the nomination of lexical units]. Problemy onomastiki i semasiologii: sbornik nauchnykh trudov — Problems of onomastics and semasiology. Collection of scientific papers. Almaty: Izdatelstvo Kazakhskogo gosudarstvennogo universiteta [in Russian].
- 2 Molchanova, O.T. (1984). Leksiko-semanticheskaya struktura tiurkskogo toponimikona Gornogo Altaia [Lexical-semantic structure of Turkic toponymicon of Mountain Altai]. Tiurkskaia onomastika — Turkic Onomastics. Almaty: Nauka [in Russian].
- 3 Nikonov, V.A. (1965). Vvedenie v toponimiku [Introduction to toponymy]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 4 Ortalyq Qazaqstannyn zher-su attary [Toponyms of Central Kazakhstan]. (1989). Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 5 Superanskaya, A.V. (1973). Obshchaia teoriia imeni sobstvennogo [General theory of the proper name]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 6 Makhpirov, V.U. (1984). «Divanu lugat-it-tiurk» Makhmuda Kashgarskogo i voprosy tiurkskoi toponimiki [“Divanu lugat-it-tiurk” by Mahmud Kashgar and questions of Turkic toponymy]. Tiurkskaia onomastika — Turkic Onomastics. Almaty: Nauka [in Russian].
- 7 Tileuberdiyev, B.M. (1995). Ontustik Qazaqstan toponimderinin etnolingvistikalyq sipattary [Ethnolinguistic features of toponyms of South Kazakhstan]. Extended abstract of candidate’s thesis. Almaty [in Kazakh].